

Аудан әкімінің 2009 жылғы 8 қаңтардағы № 1 "1992 жылы туылған азаматтарды 2009 жылы әскери есепке шақыру учаскесіне тіркеу туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданы әкімінің 2009 жылғы 10 ақпандағы № 4 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданы әділет басқармасында 2009 жылғы 18 ақпанда № 7-9-75 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданы әкімінің 2009 жылғы 1 сәуірдегі № 10 шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданы әкімінің 01.04.2009 № 10 шешімімен

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы", "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңдарына сай **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

Қаратөбе ауданы әкімінің "1992 жылы туылған азаматтарды 2009 жылы әскери есепке шақыру учаскесіне тіркеу туралы" 2009 жылғы 8 қаңтардағы N 1 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне N 7-9-72 болып тіркелген, 2009 жылы 23 қаңтар айында "Қаратөбе өңірі" газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Осы шешімінің 1 және 6 тармақтары алынып тасталсын.
2. Осы аталған шешімнің 8 тармағы мынадай редакцияда мазмұндалсын:
"Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі".
3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі және 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

Аудан әкімі

А.Утегулов